

ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ БІЛІМ ЖӘНЕ ҒЫЛЫМ МИНИСТРЛІГІ
Л.Н. ГУМИЛЕВ АТЫНДАҒЫ ЕУАЗИЯ ҰЛТТЫҚ УНИВЕРСИТЕТІ



ЖАС ҒАЛЫМДАР КЕҢЕСІ



Студенттер мен жас ғалымдардың
«ҒЫЛЫМ ЖӘНЕ БІЛІМ - 2016» атты
XI Халықаралық ғылыми конференциясының
БАЯНДАМАЛАР ЖИНАҒЫ

СБОРНИК МАТЕРИАЛОВ
XI Международной научной конференции
студентов и молодых ученых
«НАУКА И ОБРАЗОВАНИЕ - 2016»

PROCEEDINGS
of the XI International Scientific Conference
for students and young scholars
«SCIENCE AND EDUCATION - 2016»

2016 жыл 14 сәуір
Астана

**ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ БІЛІМ ЖӘНЕ ҒЫЛЫМ МИНИСТРЛІГІ
Л.Н. ГУМИЛЕВ АТЫНДАҒЫ ЕУРАЗИЯ ҰЛТТЫҚ УНИВЕРСИТЕТІ**

**Студенттер мен жас ғалымдардың
«Ғылым және білім - 2016»
атты XI Халықаралық ғылыми конференциясының
БАЯНДАМАЛАР ЖИНАҒЫ**

**СБОРНИК МАТЕРИАЛОВ
XI Международной научной конференции
студентов и молодых ученых
«Наука и образование - 2016»**

**PROCEEDINGS
of the XI International Scientific Conference
for students and young scholars
«Science and education - 2016»**

2016 жыл 14 сәуір

Астана

ӘӨЖ 001:37(063)

КБЖ 72:74

Ғ 96

Ғ96 «Ғылым және білім – 2016» атты студенттер мен жас ғалымдардың ХІ Халық. ғыл. конф. = ХІ Межд. науч. конф. студентов и молодых ученых «Наука и образование - 2016» = The XI International Scientific Conference for students and young scholars «Science and education - 2016» . – Астана: <http://www.enu.kz/ru/nauka/nauka-i-obrazovanie/>, 2016. – б. (қазақша, орысша, ағылшынша).

ISBN 978-9965-31-764-4

Жинаққа студенттердің, магистранттардың, докторанттардың және жас ғалымдардың жаратылыстану-техникалық және гуманитарлық ғылымдардың өзекті мәселелері бойынша баяндамалары енгізілген.

The proceedings are the papers of students, undergraduates, doctoral students and young researchers on topical issues of natural and technical sciences and humanities.

В сборник вошли доклады студентов, магистрантов, докторантов и молодых ученых по актуальным вопросам естественно-технических и гуманитарных наук.

ӘӨЖ 001:37(063)

КБЖ 72:74

ISBN 978-9965-31-764-4

©Л.Н. Гумилев атындағы Еуразия
ұлттық университеті, 2016

ҚАЗІРГІ ТАҢДАҒЫ ТАЙВАННЫҢ САЯСИ-ЭКОНОМИКАЛЫҚ АХУАЛЫ**Сәнжан Азиза Махметқызы**aziza.9500@mail.ru

Л.Н.Гумилев атындағы ұлттық университетінің 4 курс студенті, Астана, Қазақстан
Ғылыми жетекші - т.ғ.д, академик Кайыркен Т.З.

Тайван – Қытайдың материктік бөлігінің шығыс жағалауынан 150 км жердегі Тайван бұғазы арқылы бөлінген Тынық мұхитындағы арал. Қытайдың аралды провинциясы бола отырып, тарихи жағдайларға байланысты мемлекеттілікке тән кейбір атрибуттарға ие.

Тарихи жағдайларға байланысты Тайванның саяси-экономикалық құрылымы күрт өзгерістерге ұшырады, яғни, 1949 жылы Ұлттық үкімет жапондардан қалған аграрлық шаруашылықты АҚШ-тың көмегімен дамытып, сонымен қатар, өнеркәсіп пен экспорт көлемін көбейтуге көп күш салды. 15 жылдың ішінде (1951-1965жж) АҚШ әскери қажеттілік 2,5 млрд доллар көлемінде және экономикалық көмек 1,5 млрд доллар көлемінде Тайванның қарамағына берді. 1950 жылдарда АҚШ аралдың өнеркәсібіне салған инвестициясы 25% құрады. Тайванның экономикалық өсу көрсеткіші 1953-1986 жылдар аралығында орта есеппен жылына 8% , ал 1986-1997 жылдар аралығында 7%-дан артық болды.

Тайвань біртіндеп соңғы екі онжылдықта жоғары технология индустриясы дамып және қазіргі уақытта бүкіл әлемде аппараттық қамтамасыз ету бойынша, сондай-ақ жартылай өткізгіш өнеркәсібі бойынша төртінші орынға ие. Қазіргі таңда Тайван Жаңа индустриальді мемлекеттердің қатарына кіреді. Азияның 10 алдыңғы қатарлы мемлекеттердің бірі болуы Тайван экономикасының қарқынды даму көрсеткіші және оның дамуы «экономикалық ғажайып» ретінде бағаланды. 1992 жылдан бастап Тайванның ЖІӨ-і орташа есеппен 4,5% құрады. Бұл жағдай адам басына шаққандағы көрсеткішті көтерді, 1992 жылы 9116 ақш доллары болса, 2012 жылы 19762 ақш долларын құрады. Нәтижесінде қазіргі таңда Тайван әлемнің ең бай мемлекеттердің арасында 28-ші орынды иеленіп отыр. 1992 жылы Тайван саудасының жалпы көлемі 180 млрд. ақш доллары ЖІӨ-нің 82%-ын құрады. Солай әлемдегі ең ірі трейдерлердің арасында Тайван 19 орынға жылжыды. Импортқа келетін болсақ, 77%-ын ауыл шаруашылық шикізаттар құрайды. Тайванның даму үлгісінің негізі шетел инвестициялары, экспорт, арзан еңбек күші және дамыған елдерден инновациялық технологияларды әкелу болып табылады. Кейінгі кезеңде сәтті өткен экономикалық реформалар арқылы шаруашылықтың жаңа функциональді құрылымы пайда болды. Импорттың көлемі бойынша екінші орында капитал тауарлар. Тайванның компьютерлер мен ноутбуктардың жүйелік тақталарын өндіруі әлемде 94%-ын құрайды. «Тайваньда жасалған» деген инновациялық жоғары сапалы өнімдер бүкіл әлем бойынша сатылады. Тайванда бірнеше глобальді сауда маркаларын шығарады, мысалы, ASER, ASUS. 2002 жылдың қаңтар айында, Тайван жаһандық сауда-саттық жүйесінде ресми әріптес болуға Дүниежүзілік сауда ұйымына (ДСҰ) қосылды. Бүгін Үкімет Тайванді «жасыл арал» кремний жоғары қосылған құны бар өнімдер етіп түрлендіру үшін экономикалық және өнеркәсіптік білімге негізделген жаңғыртуды қолға алып жатыр.

Экономиканы көтеру барысында саяси тәртіп диктатурадан демократияға көшті, дегенмен, қазіргі таңда «тайван мәселесіне» әкеліп соқты. Тайван мәселесі Азия-Тынықмұхиттық кеңістікте негізгі қауіп болып тұр. 2014 жылы кейбір американдық саясаткерлер Ресей және Қырым жағдайы секілді қайталану мүмкіндігін айтқан болатын, сол кезде Тайбэйдағы Тайван мен ҚХР-ы арасындағы сауданы реттеуші құжатты ратификациялауға қарсылық білдіру мақсатында жаппай көтеріліс орын алды.

Қазіргі таңда «тайван мәселесінің» негізі АҚШ пен ҚХР-ның арал болашағына деген көзқарасы қарама-қайшы болуына тіреледі. Екінші дүниежүзілік соғыс аяқталғаннан кейін Жапония Тайван территориясын иемдену құқығынан бас тартуға тура келді. Айта кететін жайт, Жапония ресми түрде территорияны ешкімге тапсырмаған еді, осыған байланысты әлі

күнге дейін Жапонияның тайван мәселесіне байланысты позициясы тұрақсыз болуы. 1972 жылы Жапония ҚХР-ын Қытайдың заңды өкілі ретінде мойындайды. Жапония мен Тайванның арасындағы қарым-қатынастың дамуы тайван элитасының кезінде жапон отары болғанына комплиментарлы қарым-қатынас білдіреді. Ли Дэнхуэйдің (1988-2000ж.ж.) айтуынша: “Жапония Тайванның экономикасының ағартушысы десем, артық болмас”.

Пекиннің назарын аударған жағдай, бұл Ма Инцзюдің аралды бөлек ұлт ретінде қарастыруы. Қазіргі кезде аралда Тайван тұрғындарының 4 позицияға бөлінгенін көруге болады: 1) мен қытайлықпын, мен тайвандықпын; 2) мен тайвандықпын, мен қытайлықпын; 3) мен қытайлық емеспін, тайвандықпын; 4) мен тайвандықпын емеспін, қытайлықпын. Екі-үш онжылдықта аралда аралдық және «құрлықтық» қытайлықтар болып бөліну оқиғасы кең етек жаюда. Осы фактор Пекиннің басты сыртқы саясаттағы мақстына, яғни «ұлттық бірлікті қайта жаңғыртуға» жетуге кедергі болып тұр. Сондай-ақ, бұл АҚШ келешекте Тайванның статус-квоны сақтап қалуға жағдай жасауына себеп болып тұр.

2016 жылы президенттік сайлау нәтижесінде Гоминданға оппозиция болған Демократиялық прогрессивті партияның кандидаты Цай Инвэнь 60%-дық үлеспен жеңіске жетті. 2008 жылы төраға болған Ма Инцзюдің кезінде Құрлықтағы Қытаймен қарым-қатынас жақсара бастаған кезде, тайвандықтар бұл іс-әрекеттің астында Құрлықпен бірігу мақсаты тұр деген ой-пікірлер қалыптасады. Демократиялық прогрессивті партияның лидері Цай Инвэнь Тайванның бөлек дамып, егемендікті ҚХР-нан бөлек нығайтуды әрқашан қолдайтын. Әлі Цай Инвэнь ҚХР-на деген қарым-қатынасын айқындамады, бірақ бұл уақыттың еншісінде.

Тайван мәселесіне келгенде, ҚХР-ы бұл жағдайды өте ауыр қабылдайды және бұл тек қытайлықтардың ішкі ісі деп есептейді. Қытай үкіметі және қытай халқы сырттан келген қандай да бір араласу мүмкіндігіне үзілді-кесілді қарсы шығады және әлемдегі бейбітшілік орнауында жауапкершілігі бар ірі мемлекеттер халықаралық норма мен заңдарды ұстанады деген сенімде.

Тайван сыртқы факторларға қарамастан саяси-экономикалық дамуы қарқынды жүрді. Яғни, АҚШ-тың экономикалық және әскери көмегі, қолайлы географиялық орны, жапония колонизациясының кейбір оң салдары, әкімшілік және өнеркәсіптік ресурстардың құрлықтан түсімі, сонымен қатар, ішкі саяси тұрақтылық Тайванның негізгі географиялық, экономикалық, саяси және әлеуметтік салаларының дамуына әсер етті.

Қытайдың бірігуінің түпкі мүддесі қытай халқында. Болашақта бір жүйелі шешімге келіп, екі жағы өзара ынтымақтаса отырып, бірін-бірі толықтыру негізінде дамуға жол салады деген ойдамын. Қалай болғанмен Тайван алдағы уақыттың еншісінде.

Пайдаланылған әдебиеттер тізімі:

1. Формирование и репрезентация национальной идентичности тайваньцев. И.Ю.Александровна. 2006 ж.
2. Taiwan Institute of Economic Research. <http://english.tier.org.tw/>
3. Taiwan's Economic Opportunities and Challenges and The Importance of the Trans-Pacific Partnership. <http://www.brookings.edu/>
4. Отношения между двумя берегами тайваньского пролива и перспективы их развития. Сюй Ци. 2004 ж.